




ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ өнер



Ғылым (араб.: علم (ілім)— *білім, тану*;
лат. *scientia* — *білім*) — жалпы
мағынасы: жүйелік білім мен
тәжірибе. Арнайы мағынасы —
ғылыми жолмен жинақталған білім
жүйесі, сонымен қатар зерттеумен
келген ретті білім жинағы





□ Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.


ғылым рухани өмірдің дербес факторы болып, дүниетанымның ([Леонардо да Винчи](#), [Николай Коперник](#)) негізгі тірегіне айналды. Сондай-ақ ғылым табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеп, адамзат танымының көкжиегін кеңейте түсті.

16 – 17 ғасырларда ғылымда болған терең өзгерістер алғашқы ғылыми революцияға ([Галилео Галилей](#), [Иоганн Кеплер](#), Уильям Гарвей, [Рене Декарт](#), [Христиан Гюйгенс](#), [Исаак Ньютон](#) және т.б.) алып келді. Ғылымның қарқынды дамуы, дүниенің жаңа бейнесін қалыптастырудағы рөлінің артуы, жаңа дәуірде ғылымды жоғары мәдени құндылық ретінде тануға, көптеген философиялық мектептер мен бағыттардың ғылымға қарап бой түзуіне ықпал етті.





Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы



Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды.

өнердің түрлері

• көркем әдебиет,



• музыка,



• мүсін,



• кескіндеме,



• театр,



• кино,




• би,



• сәулет өнері





Ғылым мен өнер ерте кезден-ақ бір-бірінен ажыратылмаған. Ғылым және өнер адам болмысының өсуіне қажет ететін сала болып табылады. Ғылым адамға зияншылық пен қайғы емес, пайда мен қуаныш әкелуі үшін өнермен тығыз байланыста болуы керек. Алайда ғылым бір мезетте әр түрлі мәселені шешеді :1. объективті көз-қарасты және меңгерсе

2.Адамның өміріне деген көз-қарасын және өзіне деген қатынасты меңгереді.

Туылған күні

15 сәуір 1452(1452-04-15)

Туылған жері

Винчи қаласының маңы,
Флорентина республикасы

Қайтыс болған күні

2 мамыр 1519(1519-05-02)
(67 жас)

Қайтыс болған жері

Амбуаза, Түрен, Франция

Мектебі

Андреа Верроккио

Атақты қолөнерлері

Мона Лиза
Vitruvian Man
The Last Supper
Битва при Ангиари

Марапаттаушылары

Лодовико Сфорца, Чезаре
Борджиа, Франциск I

Ықпалы әсер етті

Леонардески
Рафаэль Санти



Леонардо Да Винчи –өнер саласындағы ең үлкен тұлға. Ол Италиян суретшісі, ақын, жазушы, ғалым, инженер, мүсінші болған.

Шығармашылығы

Леонардо До Винчи «Мона Лиза» суретін салған. Бұл оның ең әйгілі шығармасы. Деректер бойынша суретте 1479 жылы өмір сүрген Лиза атты әйел бейнеленген, ал кейбір деректер бойынша суретте Леонардо До Винчи өзінің әйел келбетіндегі суретін салды деген дерек бар. Оның себебі суреттің аты «Мона Лайза», яғни италиян тілінен аударғанда «Моя леди» дегенді білдіреді.


Сонымен қатар суреттің шын аты «Мона Лиза» емес, «Джоконда» деген дерек шықты. Осындай аталу себебі суретте Франческо Дель Джоконданың әйелі бейнеленуі мүмкін деген болжам бар

Өнертапқыштығы

Оның тірі кезінде ел мойындаған туындысы — пистолетке арналған (кілтпен қосылатын) дөңгелек құлып. Бастапқыда сирек қолданылған бұл тетік XVI ғасыр ортасына қарай дворяндар арасында, әсіресе кавалерияда кең тараған. Тіпті лат құрылымында да ізін қалдырған, атап айтсақ, максимиоиандық сауыттарды пистолетпен ату үшін жеңімен бірге қолғап жасай бастады. Дөңгелектік құлпының сәтті шығарылғандығы сонша — ол тіпті XIX ғасырда да қолданыста болды..

Данышпан адамдардың туындылары уақыт өте мойындалып жататыны сияқты Леонардоның ойлап тапқандарының көбісі кейін толықтырылып, өзгертіле жетілдіріліп, бүгінгі күнге дейін қолданыста болып келді.

Мысалы, Леонардо да Винчи ауаны сығып, құбырлырмен жүргізетін құрал жасаған. Бұны пештерді жағудан ...бөлмелерді желдетуге дейін қолданады.



Адамның су астында көп уақыт болу мүмкіндігі Леонардоны да қызықтырған. Бұл одан бұрынғы-соңғы ғалымдарды да қызықтырған болатын. Мысалы, Баттиста Альберти Неми көлі түбінен кейбір Рим кемелерін көтеруді жоспарлаған. Леонардо болса жай жоспарлап қана қоймай, су өткізбейтін теріден жасалатын сүңгуірлер костюмінің жобасын жасады. Костюмнің омырауында сүңгуірдің көтерілуін жеңілдету үшін ауамен толтырылатын, көлем ұлғайтқыш қалтасы болған. Леонардоның сүңгуірі демалу үшін, оның қалпағын су бетінде жүзетін күмбезбен жалғайтын, икемге келетін түтікпен жабдықталған.

Леонардо да Винчидың қазіргі тікұшақтың «атасының» сызбанұсқасын жасағаны да баршаға мәлім. Винтінің ұзындығы сызбаға сәйкес 4,8 м болуы тиіс делінген. Ғалым жоспарына сәйкес ол металл окантовкасы, полотномен жабылу керек. Винт осьтің айналасында жүрген адамдардың рычагты итеруімен айналдырады. Леонардо өз жұмыстарында: «Егер винт механизмі біркелкі жақсы жасалған болса, яғни, еш айырылыс, тесіксіз және тез айналдырылса, онда ол ауада қолдау тауып биіктеп ұшып кетеді», — деп жазған.

Адамды жүзіп үйретуге керекті маңызды дүние — құтқару дөңгелегі. Леонардоның бұл тапқаны қазіргі кезге дейін еш өзгеріссіз қалды деуге болады.

Жүзу қарқынын үдету үшін ғалым өзіндік қолғап ойластырады, бұл біртіндеп бүгінгі ластыға айналады.

Сену қиын, бірақ Леонардо қазу үшін емес, қазылған заттарды көтеру, тасымалдау үшін ...экскаватор ойлап табады. Ғалымдардың пайымдауынша, экскаваторлар Арно өзенінің арнасын өзгерту жобасына керек болған. Ені 18 м, ұзындығы 6 м болатын шұңқыр қазу жоспарланған. Автордың суреттері қазатын машина мен шұңқыр өлшемдері жайлы ақпарат береді. Штангаларының әрқилы ұзындығы бар көтергіш кран бірнеше қарсысалмақпен екі немесе одан көп деңгейлі экскавацияда қолданыла алатынымен қызық.. Кран жебелері 180°-қа бұрылу аясымен арнаны толықтай қамти алды. Экскаватор рельстерге орнатылып, жұмыс орны өзгерген сайын, орталық рельстегі винттік механизм көмегімен алдыға жылжып отырған.

